

Сабақ тақырыбы: Халықаралық экономикалық интеграция

Оқу мақсаты:

Халықаралық экономикалық интеграция, халықаралық еңбек бөлінісі ұғымдары Аймақтық және салалық топтар

Өткенге шолу

1. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісінде әлеуметтік фактор қалай әсер етеді? Мысал келтір
2. Мамандану дегеніміз не?
3. Мамандану коэффициентінің формуласын атаңыз?
4. Еуропа елдеріндегі Швейцария мен Нидерландының басты маманданған салаларын атаңыз?
5. Қазақстанның Шығыс және Батыс экономикалық аудандары қандай салаларға маманданған?
6. Елдердің немесе аймақтардың мамандануын анықтаудың маңыздылығы неде?
7. Франция әлемде туристтерді ең көп қабылдайтын ел, бірақ туризмге маманданған ел Испания, себебі неде?
8. Белгілі бір тауар түріне мамандаған ел немесе аймақ мамандану статусынан қандай жағдайда айырылады?

БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

Оқушының аты-жөні егер дағдыларға толық жетсе + таңбасы, жартылай жетсе ± таңбасы қойылады	Кезеңдер мен дағдылар				Топтар- дың бағалауы
	Сәйкестен- діру тесті	Топтас- тыру тапсыр- масы	Білу мен түсіну	Талдау мен қолдану	
1. _____ _____					
2. _____ _____					
3. _____ _____					
4. _____ _____					

Жетістік критерийі

Білу;

- Халықаралық экономикалық интеграция, халықаралық еңбек бөлінісі ұғымдары анықтамасын біледі

Қолдану;

Халықаралық экономикалық интеграция құрайтын ұйымдарды анықтайды, кескін картада сызып көрсетеді, мақсатын анықтайды

Коммуникация және рефлексия;

Халықаралық экономикалық интеграция елдері арасында болатын халықаралық еңбек бөлінісін және оның әр мемлекеттің дамуы үшін әсерін сипаттайды



North
American
Free
Trade
Agreement




Терминдер

- Халықаралық экономикалық қатынас;
- Еңбек миграциясы;
- Еңбек күші;
- Саяси интеграция;
- Географиялық еңбек бөлінісі;
- Мамандану;

ТЕСТ тапсырмасы (РАС НЕМЕСЕ ӨТІРІК)

1. Қазақстан әлі жаһандануды бастан кешірген жоқ
ӨТІРІК
2. Қазірде әлемдік экономикада Қытайдың беделі жоғары
РАС
3. Жаһанданудың бастауы Батыс
РАС
4. Ертедегі ғылымның бастауы – Еуропа
ӨТІРІК
5. Ғарышты алғаш орыстар игерді
РАС
6. Транспорт шығындарының азаюы ғаламдану белгісі ме?
РАС
7. Бизнес жаһанданудың негізгі қозғаушы күші
РАС

Интеграция (лат. *integratio* – қалпына келтіру, толықтыру, *integer* – тұтас, бүтін) – экономикалық субъектілерді (елдер, компаниялар, өндірістік орындар және т.б.) біріктіру, олардың арасындағы байланыстарды дамытып, өзара ынтымақты іс-қимылын тереңдету.



Соңғы уақытта әлемдік шаруашылықта күрделі өзгерістер байқалады. Олардың ішінде ең маңыздысы – ұлттық шаруашылықтың жақындасуы мен өзара тығыз байланысуы негізінде мемлекетаралық экономикалық бірлестіктердің құрылуы. Елдің мұндай жақындасуы мен бірлесуін - **экономикалық интеграция** деп атайды.

«XXI ғасыр – интеграция ғасыры. Ұлттық мүдде тұрғысынан мұқият ойластырылған интеграцияға қарсы болу – заманауи үрдіспен дамуға қарсы болу. Ең дамыған елдердің барлығы бүгінгі биіктерге интеграция арқылы жетті. Бүкіл адамзат жаһандану жолымен дамып жатыр. Етек-жеңді қымтап, есік-терезені тарс жауып отыру дамуды тежейді, әлем көшінің соңына қалдырады. Біз – дамыған елдердің шаңын жұтуға емес, көшін бастауға ұмтылған елміз. Интеграция – ел тәуелсіздігіне ешбір қауіп төндірмейді, керісінше, нығайта түседі. Ол нарықты кеңейтеді, алыс-беріс пен барыс-келісті арттырады, бәсекелік қабілетімізді шыңдайды».

Н.Назарбаев

Интеграцияның эволюциялық дамуы

1. Алғашқы жақындасу, сауда келісімдерін жасау

2. Екі жақты саудадағы тарифтерді алып тастау мақсатын көздейді. Бірақ үшінші елдермен тариф өзгермейді.

3. Кедендік одақ құруға негізделеді. 3-ші мемлекеттерге қатысты ортақ тарифті жүйені қолдану

4. Интеграциялық елдердің тек сауданы ғана емес, капитал, еңбек күшін еркіндігі туралы келісім жасайды.

5. Өндіріс факторларының қозғалысының еркіндігімен қатар, макроэкономикалық саясатты, валюта, бюджет сияқты негізі салаларды үйлестіретін экономикалық одаққа айналады.

6. Бұл деңгей де болуы мүмкін. Бұл *саяси одақ*. Үшінші елдермен байланысты мемлекеттер үстіндегі органдарға беруді көздейді. Іс жүзінде жеке мемлекеттің егемендігі жоғалтып, халықаралық конфедерация құруды талап етеді.

Бірақ интеграциялық топтардың бірде-біреуі дамудың 6-деңгейіне жеткен жоқ, тіпті өз алдына бұндай мақсаттар қойған жоқ.

Экономикалық интеграцияның заңдылықтары

- 1) Эволюциялық жол (біртіндеп даму);
- 2) Интеграциялық міндеттемелерді біртіндеп, кезеңді түрде шешу. Мүше елдердің ассоциациялары көмегімен экономикалық кеңістіктің негізін қалау қажет;
- 3) бұл біртекті экономикалық орта құру, нарықтық қайта құрудың қарқыны мен деңгейін жақындастыру қажеттілігі;
- 4) интеграциялық процестің барлық мүшелерінің тең құқықтық серіктестігі, дискриминациясыз іс-әрекет етуі

Қазіргі заманғы интеграциялық бірлестіктер

Интеграция түрлері	Атауы, құрылған жылдары	Мүше елдер
Еркін сауда аймағы	1. Азиялық-Тынық мұхиттық - 2. НАФТА-	Аустралия, АҚШ, Гонконг, Жаңа Зеландия, Жапония, Канада, Корея Республикасы, Қытай, Малайзия, Маршалл аралдары, Мексика, Бруней, Папуа — Жаңа Гвинея, Сингапур, Таиланд, Тайвань, Филиппин, Чили, Вьетнам, Перу, Ресей АҚШ, Канада, Мексика
Кедендік Одақ	Араб ортақ нарығы -	Египет, Ирак, Иордания, Ливия, Мавритания, Сирия, Йемен
Ортақ нарық	МЕРКОСУР -	Аргентина, Бразилия, Парагвай, Уругвай
Экономикалық одақ Тауарлық ұйым	ЕО - Бенилюкс-ТМД- ОПЕК-	Еуропаның 27 елі. Бельгия, Нидерланды, Люксембург Ресей, Беларусь, Украина, Молдова, Азербайжан, Армения, Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Қырғызстан Алжир, Ангола, Біріккен Араб Әмірліктері, Венесуэла, Иран. Катар, Кувейт, Ливия, Нигерия. Сауд Арабиясы, Эквадор

Экономикалық ынтымақтастық ұйымдары туралы талдау жасау ЖОСПАРЫ

- А) құрылу мақсаты;
- Ә) туындаған қажеттілік;
- Б) қызмет ету саласы;
- В) шаруашылықты дамытуда алатын орны;
- Г) қарсы бәсекелестік;
- Ғ) саяси-экономикалық байланыстар;

ҰЙЫМДАР

- 1) ЕО
- 2) НАФТА
- 3) Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО)
- 4) АСЕАН



АСЕАН (Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің ассоциациясы) — Оңтүстік-шығыс Азияның 10 елі кіретін өңірлік саяси, мәдени әрі экономикалық ұйым.

1967 ж. тамыздың 8 күні Индонезия, Малазия, Филиппин, Сингапур және Тайланд негізін қалаған.

Ұйым мақсаты — экономикалық өсуді, әлеуметтік, мәдени дамуды жаңғырту, аймақта бейбітшілікті қамтамасыз ету.



Солтүстік Американдық Еркін Сауда жөніндегі Келісім (НАФТА) – Канада, АҚШ және Мексика арасындағы Еуропалық Одақ модельдеріне негізделген еркін сауда жөніндегі келісім. НАФТА келісімі 1994 жылдың 1 қаңтарында күшіне енеді.



Еуропалық

— Еуропаның *Еуропалық Одақ туралы келісім шартына* қол қойған 27 мемлекеттің экономикалық және саяси бірлестігі.

Одақ (Еуроодақ, ЕО)

Еуропа одағы (ЕО) — халықаралық саяси және экономикалық бірлестік. Жалпы саны 373 млн адамнан асатын халқы бар Еуропа территориясында орналасқан елдердің қатысуымен 1993 жылы құрылды.



Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы (ОПЕК) - табысының негізгі көзі мұнай және мұнай өнімдерін шығару мен экспорттау болып табылатын, құрамына 11 (13) ел кіретін халықаралық ұйым; Азия, Африка және Латын Америкасының негізгі мұнай өндіруші мемлекеттерінің бірілестігі.

ОПЕК-тің бас штаб-пәтері бастапқыдан Женевада (Швейцария), ал 1965 жылдан Венада (Австрия) орналасқан.



МЕРКОСУР Оңтүстік Америка елдерінің ортақ нарығы және ол 250 млн адамды біріктіріп, континенттің ЖІӨ-нің 75 %-ын құрайды. Одақтың аты испан тілінен аударғанда «Оңтүстік конустың нарығы».

Ұйым құруының алғышарты 1986 жылы басталса, бүгінгі блок 1991 ж. 26 наурызда құрылды. Мүше елдер: Аргентина, Бразилия, Парагвай, Уругвай және т.б. 14 елді біріктіред.

Мақсаты – оның мүшелеріне интенсивті өзара сауда мен инвестициялардың өсуіне кепілдік беретін, халықаралық бәсекелестікке қабілетін арттыратын ұйым құру болып табылады.



Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) – ыдыраған КСРО-ның орнына 1991 жылы 21 желтоқсанда Алматыда құрылған халықаралық ұйым. Негізгі мақсаты – үзілген экономикалық байланыстарды қайта жандандыру. экономикалық, экологиялық, мәдени, саяси, гуманитарлық ж.е т.б әрекеттерде әріптестік орнату

Ұйымға қазірде 11 ел мүше. Латвия, Литва мен Эстония КСРО-дан шықан соң еуропалық бағытпен кетті. 1993 жылы ең соңында бақылаушы болып отырған Грузия ұйымға кіріп, 2009 жылы алғаш болып ТМД-дан шықты. **Қазірде ТМД-дан Украинаның шығу қаупі бар (Ресей-Украина түсініспеушіліктері).**

Интеграциялық ұйымдардың ерекшеліктері

№	Интеграциялық ұйым	Географиялық орны	Халықаралық мамандануы	Нарықтағы орны
1	АСЕАН			
2	НАФТА			
3	ЕО			
4	ЛАИ			

Сұрақ: Болашақта әлемде жаңа интеграциялық ұйымдардың пайда болу мүмкіншілігі қандай деңгейде?

Қорытынды сұрақтар

1. Елдер арасындағы интеграциялық одақтар не үшін пайда болады?
2. Интеграциялық одақтардың әлемдік шаруашылықтағы маңызы қандай?
3. Интеграциялық одақтар бір-біріне бәсекелес болу жағдайы орын алуы мүмкін бе??
4. Аймақтық шаруашылық ұйымдары қандай жағдайда өмір сүруін тоқтатуы мүмкін?

Бағалау

Топтар бірін-бірі бағалайды

Үйге тапсырма:

1. Мына аталған халықаралық интеграциялық ұйымдарға мүше елдерді кескін картаға түсіріңіз:
АСЕАН, НАФТА, ТМД және ОПЕК

Кері байланыс

Алтын сандық



Ет тартқыш



Себет

